

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№07 (471) 30 сәуір 2019 жыл



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

МЕДИА САУАТТЫЛЫҚ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Студенттер мен өңір журналистерін таңсық дүниелермен етене жақын таныстырған тренинг соңы қатысушыларға сертификат табыстаумен тәмамдалды.

2 БЕТТЕ

МЕНИҢ ОН ТОҒЫЗЫНШЫ КӨКТЕМІМ

Көктемді кім ұнатпасын?! Ағаштар бұршік жарып, көктемнің жаршысы бәйшешек гүлінің жайқалатын кезі келді. Жасыл желекке оранған табиғаттың тамаша бір көріністерін қызықтап қарап тұра бергің келеді.

3 БЕТТЕ

ТАРИХЫМЫЗҒА ҚАЗАҚТЫҢ КӨЗІМЕН ҚАРАЙЫҚ

Қожа Ахмет Ясауи өзінің көзі тірісінде шәкірттерін түркі дүниесінің төрт бұрышына түгел аттандырды. Соның нәтижесінде түркі мәдениеті қайта түлеп, жаңа сатыға көтерілді. Ясауи жолы ықпалының еселеп артуына Шыңғыс хан жорығының басталуы игі ықпалын тигізді.

4 БЕТТЕ

ТОЙ ӨТТІ ТҮРКІСТАНДА ДҮБІРАЕГЕН...

Оқу ордамызда Түркі жастарының салтанатты шеруі мен «Түркістан-түркі әлемінің бесігі» атты Түркі жастарының Халықаралық этно-өнер фестивалінің және Түркі Кеңесі жас көшбасшыларының II Форумы өтті. Форумға Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан елдерінен және Қазақстан Республикасының өзге облыстарынан жас делегаттар, белсенді жастар қатысты.

5 БЕТТЕ

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ЭТНО-ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Киелі шаһарды ән-күйге бөлеген айтулы шара «Түркістан – Түркі әлемінің бесігі» атты Түркі кеңесі түркі университеттер Одағының IV Бас ассамблеясы мен Түркі Кеңесі жас көшбасшыларының II Форумы аясында облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы мен университетіміз бірігіп ұйымдастырды.

5 БЕТТЕ

ҚҰРМЕТТІ УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ, ҚЫМБАТТЫ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бір шаңырақтың астындағы көп ұлтты ұжымының достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін! Бұл мереке барлық ұлт өкілдерінің ынтымақтастығы мен достығының, бейбіт өмірдің рәмізі, ал бейбітшілік пен тұрақтылық және ұлтаралық келісім мемлекетіміздің ең басты негізі, рухани байлығы.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті түркі жұртының ғана емес, көптеген ұлт пен ұлыстардың басын білім арнасында тоғыстырған еліміздегі бірден-бір білім ордасы. Мұнда қаншама этнос татулық пен ауызбіршілікте ғұмыр кешіп, білім алуда.

«Бірлік бар жерде — тірлік бар» деген дана халықтың қанатты сөзі татулық пен бауырластықтың айғағы дер едім. Сіздерге шынайы көңілмен бақыт-береке, ашық аспан, оқу ордамызды өркендету жолындағы еңбектеріңізге мол табыс, отбасыларыңызға аманшылық пен шаттық тілеймін! Мерекеміз құтты болсын!

Ізгі ниетпен,
ректор Болатбек АБДРАСИЛОВ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Университетімізде «Стоматологияның және жақ-бет сүйегі аймағы хирургиясының пәнаралық әдістемелік бағыттары» атты халықаралық ғылыми-білім беру конференциясы өтті.

Аталған шараны оқу ордамыздың ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент Камалбек Беркімбаев ашып беріп, сәттіліктер тіледі. Алыс жақын елдер мен өңірлерден келген өкілдер арнайы құттықтауларын білдірді.

Сонымен қатар, «Стоматология» факультетінің деканы Юксел Түркөз ханым келген қонақтарға ризашылығын білдіріп, конференция жұмысына сәттіліктер тіледі.

Конференцияға Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларынан бөлек Ресей және Өзбекстаннан арнайы шақыртылған қонақтар қатысты.

Жиын ары қарай пленарлық отырыстарға ұласты. Аталмыш тақырып аясында түрлі баяндамалар оқылып, бейнероликтер көрсетілді. Халықаралық деңгейде өткізіліп жатқан конференция қатысушыларға мол мағлұмат берді.



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕНІМ

Қазақ қоғамында ел өміріндегі аса маңызды оқиға төңірегіндегі сан алуан ой-пікірлер ағыны қалың көпшіліктің санасында тың серпіліс туғызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу жөнінде Үндеу жариялап, сайлауды үстіміздегі жылғы 9 маусымда өткізу белгіленді. Мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент мәжілісі мен Сенатының депутаттары, зиялы қауым, қарапайым еңбек иелері, жалпы қоғам мүшелері алдағы сайлау төңірегіндегі өзіндік ұстанымдарын айқын тұжырымдап, ойларын ортаға салуда. Тұтастай алғанда, көпшіліктің пікірі бір орында тоғысып жатқанын айқын аңғаруға болады.

Мемлекет басшысының сайлауды мерзімінен бұрын өткізу жөніндегі мәлімдемесінің түпкі мәнінің маңызы терең ойларға жетелейді. Негізінен алғанда, жаһандану дәуірінің ең басты талабы ұшқырлыққа, тың серпіліске, алға қарай батыл қадам жасауға келіп саяды. Бейжайлыққа, немқұрайлыққа салынуға болмайды. Қазір Тұңғыш Президентіміз, Елбасымыз Н.Назарбаевтың өз өкілеттілігін тоқтату жөніндегі шешімінен кейін мемлекет тізгінін қолына алған Қасым-Жомарт Тоқаев өз жауапкершілігін терең сезіне отырып, Үндеу жариялауы заңды құбылыс. Еліміздің экономикалық, саяси-әлеуметтік бағыттардағы алда тұрған өзекті міндеттерін нақтылай түсіп, қоғам алдындағы серпінділікті қамтамасыз ету, қарапайым халқымыздың тұрмыс-тіршілігін жақсарту ету, жалпы ел өміріндегі түйінді мәселелерді оңтайлы шешу тағдыры бұл сайлауға тікелей байланысты екенін қай-қайсымыздың болмасын жете түсінуіміз аса маңызды. Қазіргі таңда еліміздегі саяси партиялардың, әкімдіктер мен түрлі қоғамдық ұйымдардың, жергілікті тұрғындардың орнықты ой-пікірлері жарқын болашаққа деген сенімді нығайта түскендей.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауды ашық әрі әділ өткізу жөніндегі берік байламы мен ұстанымы назар аудартады. Жарқын болашаққа бағыт алған біртұтас халқымыздың мерзімінен бұрын өткізгелі отырған бұл сайлауда да ұйымшылдық таныта отырып, Қазақ елінің абырой-даңқын биікке көтеретін, туған халқына адал қызмет ететін, абыройы асқақ жанға дауыс берері күмәнсіз. Осындай тарихи сәтке жан-жүрегі-мізбен әзірлік жасасақ нұр үстіне нұр болар еді.

Сейдулла САДЫҚОВ,
профессор, филология ғылымдарының докторы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



Университетімізде жұмыс беруші мекемелердің басшыларының қатысуымен бітіруші курс білімгерлерін бос жұмыс орындарына орналастыру мақсатында жәрмеңке өтті. Шараны университет пен Түркістан облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірлесіп ұйымдастырды.

Маңызды жиында сөз алған университетіміздің ректор өкілі Жәңгіз Томар барша жұмыс берушілер мен жұмысқа орналасушыларға сәттілік тіледі. Ректор кеңесшісі Еділ Төлегенов оқу ордамызды арнайы слайд арқылы таныстырды. Жұмыс берушілердің қатысуымен өткен іс-шараның негізгі мақсаты жұмыс берушілер мен жоғары оқу орындары арасында толық форматты әріптестікті нығайтып, бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру және мемлекет тарапынан жас мамандарға қолдау көрсететін бағдарламаны іске асыру болып табылады. Бүгінгі таңда университет бітірушілерін электрондық еңбек биржасы enbek.kz және педагогика мамандықтарын бітірушілерін jumys.sitcen.kz сайтына тіркелуін қадағалау жүйесі қалыптастырылған.

(Басы. Соңы 2-бете)

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ТҰРАҚТЫ БИЛІК- ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ



Қазақстанда кезектен тыс Президент сайлауы 9 маусымда өтетінін мәлімдеген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев маңызды шешімді қабылдағанда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен ақылдасқанын, билік тармақтары басшыларымен және Парламенттегі саяси партия өкілдерімен келіскенін атап өтті. «Әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді лайықты жүзеге асыру үшін бізге айқындық қажет»-деген Президент сайлаудың ашық әрі әділ өтетінін айтты.

Халық арасында сан-саққа жүрген пікірлер қалыптасып кетті. Бірі ел болашағына алаңдаушылық білдірсе, енді бірі Қазақ елі үшін тарихи шешімге салғырттық танытпауды сұрауда. Шын мәнісінде еліміз тарихи сәттерді бастан өткеруде. Осы аралықта біздің алдымызда екі таңдау тұр. Жаһанданған заманның көшіне ілесу және даму көкжиегімізді кеңейте түсу. Сондықтан да кезектен тыс сайлау елдегі экономикалық немәліметтік тұрақтылықты нығайту үшін аса қажет. Себебі болашағымыз үшін нақты әрі айқын шешімдер қабылдану керек. Тамырың әлсіз, бағытың белгісіз болса, мына алмағайып аласапыранда адасып кетудің қиын еместігі белгілі. Оған тарихымыздың ақтаңдақ беттері куә. Қазіргі уақытта Қазақстан үшін ең қажетті дүние тұрақтылық. Мемлекет басшысы осы күрделі үдерісті мәресіне жеткізуді меңзейді.

Қазақ халқының көзі ашық, көкірегі ояу. Жеке көзқарастарын білдіріп, сайлауда белсенділік танытары айқын. Өйткені тұрақтылықты сақтау үшін тұрақты билік болуы керек. Қазақстан – демократиялық мемлекет Президент халықтың таңдауымен сайланады. Барша азаматтарды сайлауға аса жауапкершілікпен қарауға шақырған Тоқаев еліміздің келешегі, әр отбасы мен әр азаматтың тағдыры халықтың шешімдеріне тікелей байланысты екенін тілге етті. Бізде зайырлы Қазақстанның азаматтары ретінде 9-маусымда өткелі отырған сайлауға оң көзқарасымызды білдіреміз. Еліміздің өркендеп, қанатын еркін сермеуіне жол ашуға мүмкіндік жасайтын тұлғаның билік басына келгенін қалаймыз. Зандар нашар болса да, шенеуліктер жақсы болса, елді өз деңгейінде басқаруға болады, ал егер шенеуліктер нашар болса, ең керемет деген заңның өзі еш көмектесе алмайды.

Бұл жыл еліміз үшін үлкен өзгерістерге толы болды. Тұңғыш Президентіміз «Жастар жылын» жария етіп үлкен міндет жүктеді.

Біздер үшін ұлтымыздың ұйытқысы, оның кемеңгері кім болуы өте маңызды. Себебі болашақ біздікі. Келер ұрпаққа да дәл біздің бейбіт елімізді сыйлап кетуіміз керек. Бұл сайлау өте маңызды. Қазақстанның алдағы күндері үшін керемет жетістіктерге алып келетін кемеңгерді таңдауымыз керек.

Қаншама ұлт пен ұлысты айрандай ұйытатын, мемлекеттің қазіргі даму бағытын баршамыздың әрмен қарай жалғастыратын Президентті сайлау баршамыздың ортақ міндетіміз. Мемлекет басшысының халықтар достығына сызат түсірмей, елімізді биіктерге, жаңа жетістіктерге бастай білуі аса маңызды болмақ.

**Венера ОЙЫЛХАНОВА, Назгүл САТТАРХАН,
Үміт ТҰРСЫНХАН
3-курс студенттері**

СТУДЕНТ КҮНДЕЛІГІ

Менің он тоғызыншы көктемім

Кеше ғана асыр салып ойнап жүрген бұйра шашты қыз бүгінде он тоғызыншы көктемнің куәгері болып отыр. Қарап отырсам, он тоғыз жыл деген аз ғана уақыт болып көрінгенмен сол жылдардың ішінде бұйра шашты қыздың ғұмыры қызықсыз өтті деуге келмес. Бар қызығы мен балалық шақтың шыжығы көктеммен бірге ілесіп бүгінде он тоғызыншы жылдың етегінде жүргендей.


Көктемді кім ұнатпасын?! Ағаштар бүршік жарып, көктемнің жаршысы бәйшешек гүлінің жайқалатын кезі келді. Жасыл желекке оранған табиғаттың тамаша бір көріністерін қызықтап қарап тұра бергің келеді.

Мамыр айының үші, мен үшін ғана емес, жалпы әулетіміз үшін мереке саналады. Өйткені бұл күн менің туылған күнім. Әжем мені «көктемнің жаршысы» деп атайды. Қартайғанымда маған қарайды, жанымның саясы» деп мені күткен екен.

Ішкі жан-сарайыңа үңіле отырып, жүрекжарды ойлармен толғанысқа не жетсін. «Жүрек – ішкі сарайдағы патша» деп Т.Өтебойдақ ағамыз айтқан. Сол ішкі сарайдағы төтті естеліктер көңіліме сондай жағымды. Алғашқы көктемнің күндерінде атам екеуіміз қорадағы төрт түлікті жайылымға жайып кететінбіз. Үйде еркек кіндік жоқ емес. Алайда атам ұл балаларды емес, мені ілестіріп кететін. Дорбамызға бір бөтелке айран мен таба нанды салып алып, қой бағуға кететін едік. Атам бастан кешкен небір оқиғаларын айтушы еді. Мен тындаудан жалыққан емеспін. Атам айтқан мына әңгіме әлі күнге жадымда сақталып қалыпты.

Жас кезімізде талай нәрсені көрдік қой. Бірақ соған қарамастан өміріме налып: «Ай өттеген-ай» деген кезім болмап еді. Мен осы сендердей кезімде колхоздың малын бағатынмын. Көктемнің осындай бір жаймашуақ күнінде қой бағып жүріп, қалғып кетіппін. Жанымда алабай ит болатын. Ол иттің кімдікі екенін білмеймін. Бірақ менімен ілесіп қой соңында бірге жүретін серігіме айналған. Өзі ірі денелі, азуы алты қарыс төбет болатын. Қалғып кеткен сәтте қойларым, көршілес жайылып жүрген өзге отарға қарай кетіпті. Кезімді ашсам, айналамда қой да жоқ, итім де көрінбейді. Біткен жерім осы шығар деп жанұшыра жүгірдім. Қырдан асып қарасам, екінші отар жақтан топ қойды алдына салып, алабай итім келе жатыр. Көзімнен жас шығып кетті. Риза болғаным соншалық, алабайды бұрынғыдан бетер жақсы көріп кеттім, деп атам әңгімесін аяқтады. Әңгіменің қызығына беріліп отырып, күннің батып кеткенін де аңғармай қалыппыз. Ойға шомған сәттерде атамды, өткен балалық шағымды сағынамын. Өмірімнің баға жетпес байлығы балалық шақтағы сәттері көктеммен бірге келердей елендеп қаламын.

**Ұлпан ӘБДІРАХМАН,
2-курс студенті**



СТУДЕНТ ОЙ АЙТАДЫ

БЕС ДҰШПАН ІС БІЛСЕҢІЗ...

Даланы жел үрлеп тұр. Жантақ қаулай өскен жазықтың төбешіктеу жеріндегі жығылды таса етіп көршіміз екеуіміз қой қарайлап отырмыз. Желдің бағытына қарсы ықтай жайылатын уақ малды көзден бір сәт таса етуге болмайды. Кенет "Пәленшекеңнің қойы егіз тапқан-ау деймін шамасы, анау сайда жүрген Түгеншенің сиырлары ма, аз уақыт бұрын жаман лағы да жоқ еді, анау тайлар мына үйдіңкі емес па, а?" деп бір әңгіменің шетін шығарды. Ә... қойларын бағушы еді, қазір жайылымға емін-еркін жіберетін болыпты ғой дегенім сол-ақ екен, "е, оның мұртын балта шабар деймісің, табын-табын сиыры тұрғанда" деп қойып қалды. Осылайша ауылдың жарты үйінің ойша қорасына кіріп, малының басын түгендеп шықты. Тіпті бізден жырақтау жерге қоныстанған ауылдастарымыздың да қанша сүтқоректісі барынан хабардар. Көршіміздің малды алыстан жазбай танитындығы мен кімнің ені қандай екені есінде сақталатындығына тәнтімін. Өйткенмен, әңгімесінің астарынан көреалмаушылық пен іштарлықтың лебі сезіледі. Көрші-қолан бас қосып, әңгіме дүкен жүріп жатқан сәттерде "мынаның арқасы кеңіп, аузы майланып қалыпты" деп елдің құлағын көтеріп отырады.

Иә, қазақтың қашаннан бергі жазылмай келе жатқан дерттері - өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, жиған малын далаға шашу. Абай атамыз атаған бес асыл істен гөрі бес дұшпанды жанына серік еткендер көп бұл уақытта. Түлкі заманда тазы болып шалуға тырысатындар мен мысықтілеулердің мысы үстем болып тұр. Жоғарыда мен тек көзбен көргенімді ғана баян еттім. Мұндай жандардың ауыл-аймақта бары рас, тіпті қарасы қалың. Өзгенің төрт түлігіне көзін сүзіп, өзінікінен шашау шығармайтын шықбермес Шығайбайлардың қаншауын айтайын сіздерге?! Тарихымызда бәйгеден оза шапқан тұлпарды меніңкі деп иемденуден қымсынбайтын адамдарда болған ғой. Хандық билік пен шұрайлы жерге таласқан руларымыз бен Ресей патша өкіметі бекітетін болыстықты биіктік көріп, қарапайым жұрттың құтын қашырған билеріміздің атымен қоса, ісі де қалды тарихта.

Хош... Тарихқа тереңдей берсек таңдай қағарымыз айдан-анық. Ұлттық құндылық пен дәстүрге мығым ауыл қазағының да ақылы жалған атақ пен көреалмаушылықтан әрі аса алмай отыр. Қала қазағының халі тіптен жаға ұстатарлық. Бірі ұлының тойына биіктігі бір жарым метр торт жасатса, бірі қызының мектеп бітіргеніне темір тұлпарды тізгіндегіп, өзара жарысып әлек. Әрине, біреудің мінін көргеннің, жамандығын тергеннің әбестігін білеміз. Дегенмен, мұны көріп, бойына осы қасиеттерді сіңіріп өскен ұрпақ қандай болмақ? Қу дүниенің қыр соңына түскен жас буын өскен соң құлқыны құдық, жемсауы астауы болмай ма? Осы қасиеттерден біржола арылудың жолы бар ма? Бастысы ауылы аралас жатқан аз ғана қазақтың арасы бес дұшпанның әсерінен алшақтап кетпесе екен...

**Бақдәулет АНАРБАЙ,
2-курс студенті**

ТҮРКІСТАН-ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БЕСІГІ

ТОЙ ӨТТІ ТҮРКІСТАНДА ДҮБІРЛЕГЕН...

Оқу ордамызда Түркі жастарының салтанатты шеруі «Түркістан-түркі әлемінің бесігі» атты Түркі жастарының Халықаралық этно-өнер фестивалінің және Түркі Кеңесі жас көшбасшыларының II Форумы өтті. Форумға Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан елдерінен және Қазақстан Республикасының өзге облыстарынан жас делегаттар, белсенді жастар қатысты. Аталған форумның ашылу салтанатына ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері жөніндегі комитет төрағасы М. Қожахмет, Түркістан облысы әкімінің орынбасары М. Отарбаев, TUGVA Түркия Республикасы Жастар қорының президенті Э.Эминоглу, Ислам ынтымақтастығы Жастар форумының президенті Т.Айхан қатысып, форумға қатысушыларға сәттілік тіледі. Өңірдің дамуы мен жастар саясатын дамыту барысында тәжірибе алмасу, облыстың туристік әлеуетін арттыруға қосымша серпін беру, түркітілдес ұлттар арасындағы бауырластық байланыстар мен достық қарым-қатынасты дамыту мақсатында өткен жиынға Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан елдерінен және еліміздің түкпір-түкпірінен 200 белсенді жас делегаттар қатысты. Форум аясында Түркі жастарының салтанатты шеруі, «Түркістанға оралу» атты түркі халықтары этно-өнер фестивалі сәтті жүзеге асты. Сонымен қатар Түркі халықтарының қолданбалы өнер көрмесі, жастардың кешкі еркін тақырыпта кездесулері, «Orentalks» форматындағы секциялық отырыстары да ұйымдастырылды. Қатысушы делегаттардың Түркістан өңірінің тарихи және киелі орындарына экскурсиясы ұйымдастырылды.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ЭТНО-ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Түркістанда алғаш рет «Түркістанға оралу» түркі халықтары этно-өнер фестивалі өтті.

Түркітілдес халықтарының этнофольклорлық ансамбльдері мен дәстүрлі орындаушылары, ұлттық аспапта жеке орындаушылар өнер көрсетті. Сонымен қатар, қазақ халқының дәстүрлі музыка өнері де көрермен назарына ұсынылды.

Киелі шаһарды ән-күйге бөлеген айтулы шара «Түркістан – Түркі әлемінің бесігі» атты Түркі кеңесі түркі университеттер Одағының IV Бас ассамблеясы мен Түркі Кеңесі жас көшбасшыларының II Форумы аясында облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы мен университетіміз бірігіп ұйымдастырды.

Этно-өнер фестивалінің басты мақсаты - түркітілдес елдер арасындағы бауырластық байланыс пен достықты, түркілік мәдениет пен өнерді ұрпақтан ұрпаққа дәріптеу, қазақ және түркітілдес халықтардың дәстүрлі музыкасын жан-жақты жеткізу, дауыстық және аспаптық шығармашылықтың өркендеуіне, сирек ұшырасатын аспаптарда орындалатын жанрлардың жаңғыруына және дамуына, қолдау көрсету, олардың өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау және дәстүрлі өнерді насихаттау болып табылады.



ТҮРКІ КЕҢЕСІ ТҮРКІ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ ОДАҒЫНЫҢ IV БАС АССАМБЛЕЯСЫ

Университетіміздің Сенат залында Түркі кеңесі түркі университеттер одағының IV Бас Ассамблеясы отырысы өтті. Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Мажарстан, Венгрия сынды 15-тен астам мемлекеттен ректорлар, дипломаттар, халықаралық ұйымдардың өкілдері, эксперттер, ғалымдар, студент жастар, қоғам және мәдениет қайраткерлері қатысты. Жиын барысында Түркі Кеңесінің Бас хатшысы Б.Амреев, Өкілетті кеңес төрағасы М.Иылдыз, университет басшысы Болатбек Абдралилов түркі мемлекеттерінің басын біріктірген жиын отырысына сәттілік тіледі. Түркі тілдес халықпен өзара жақындастырған мәдени байланыстарды Еуропа мемлекетінің үлгісі бойынша біріктіру; ғылыми-зерттеу деңгейін дамыту, оқу бағдарламаларының мазмұнын ортақ түркі халықтарының ғылым-білім сапасын арттыру мәселелері қозғалды.

Мәжіліс барысында, Түркі Кеңесі Түркі университеттері одағы шеңберінде жалпы түркілік білім және ғылымның бірыңғай желілік кеңістігін қалыптастыру, «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты жалпы түркілік рухани құндылықтарға негізделген білім беру бағдарламаларының үйлесімдігін қамтамасыз ету, сондай ақ, «Түркістан процесі» деп аталатын жоғары білім туралы дипломдарды өзара танудың оңтайландырылған механизмдерін енгізу туралы инновациялық жоба мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар пилоттық жоба болып келген «Орхун» академиялық ұтқырлық бағдарламасының кең көлемді ұтқырлық бағдарламасына айналдыру жөнінде нақты ұсыныстар енгізілді.

Мәжіліске қатысушылар тарапынан «ұлттық шекараларсыз сапаны бақылау» үлгісінде (әлемдік аккредитациялау агенттіктерінің мысалында) жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жалпытүркілік аккредитациялау агенттігін құру ұсынысы қолдау тапты. «Білім беру қызметтерінің сапа жүйесін жақсарту мақсатында, келешекте дүниежүзілік трендтерге сәйкес оқу үдерістерін стандарттауға кепілдік бола алатын, жоғары оқу орындарымыздың беделінің күшеюіне септігін тигізетін жалпытүркілік білім кеңістігіне қызмет ететін тәуелсіз аккредиттеу агенттігін құру керек деп есептеймін», деді университет ректоры Б.Абдралилов.

Түркі әлемінің жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингтердегі жағдайына анализ жасағанда, дүниежүзілік білім беру кеңістігінде тиімді бәсекелесу үшін әрі мемлекеттік әрі Түркі Кеңесіне мүше университеттер деңгейінде оқу орындарының мүмкіндіктерінің және стартаптық позицияларының біркелкі еместігі байқалады. Осыған байланысты халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес университеттердің қызметтерін жетілдіру мақсатында өзара көмектесу және ынтымақтастықты дамыту жолдарын іздестіру қажет.

Ассамблея отырысында сөз сөйлеген халықаралық Elsevier компаниясының Орталық Азия және Әзірбайжандағы аймақтық басшысы А. Оспанов

ва және Түркия Республикасы бойынша өкілі Айхан Саражоғлы оқу және ғылыми жұмыстардың сапасын жақсарту бойынша ЖОО және мемлекеттердің атқарып отырған әрекеттерін бірлестіру арқылы Түркі әлемінің университеттерінің рейтинг дәрежесін көтеру мүмкіндігі және осы бағытта компания тарапынан ЖОО әлеуетін арттыруға бағытталған қажетті қызметтерді көрсетуге дайын екендерін атап өтті. Айта кету керек, осы жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түркі университеті Түркі университеттері одағының кезек төрағасы болып табылады. Бас ассамблея іс шаралары аясында Түркі Кеңесі Жас көшбасшыларының II. Форумы және Қазақстанда жастар жылының жариялануына байланысты Түркі әлемінің мәдениет және өнер фестивалі өтті.

IV Бас ассамблея мәжілісінде Түркияның Кападокия университетінің, Түркияның Нигде Өмер Халисдемир университетінің, Түркияның Гази университетінің, Әзірбайжан мемлекеттік экономика университетінің және Венгрияның Сегде университетінің Түркі университеттер одағына мүшелігі ресми түрде бекітілді.

Маңызды басқосуға қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Қазіргі таңда Түркістан күн өткен сайын әлемдік аренада инновациялық, технологиялық, халықаралық, мәдени және рухани байланыстарды бірлестіретін білім мен ғылымды ұштастыратын түркі халықтарының мәдени орталығы ретінде алға ұмтылуда.

Беттегі материалдарды дайындаған: Аружан МАХМҰТ, Ақбота ЕРГЕШБАЙ, Перизат САБЫП



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Türk Konseyi Türk Üniversiteler Birliği 4. Genel Kurulu Ahmet Yesevi Üniversitesi Ev Sahipliğinde Yapıldı

Türk Konseyi Türk Üniversiteler Birliği 4. Genel Kurulu Dönem Başkanı Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi ev sahipliğinde gerçekleştirildi. Türk Üniversiteler Birliği 4. Genel Kurulu rektörler toplantısı Türk Konseyi Genel Sekreter Yardımcısı Ömer Kocaman'ın moderatörlüğünde üye üniversitelerin temsilcilerinin katılımlarıyla Türkistan Yerleşkesi rektörlük senato salonunda yapıldı.

Toplantıda konuşan Türk Konseyi Genel Sekreteri Bağdat Amreyev, Türk Konseyi'nin 2009 yılında kurulduğunu ve bu 10 yıllık süre zarfında büyük bir yapıya kavuştuğunu ifade etti. Siyasi, sosyal, eğitim, bilim, kültür, ekonomik olmak üzere bir çok alanda işbirliklerinin geliştirilmesinin Türk Konseyi'nin en önemli hedefleri arasında yer aldığına dikkat çekti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ise konuşmasında Türk Konseyi bünyesinde 2013 yılında kurulan Türk Üniversiteler Birliği'nin önemine vurgu yaparak, "Özellikle Orhun sürecini çok önemsiyoruz. Öğrenci ve akademisyen değişimi programı ile ortak bilimsel faaliyetlerin yürütülmesi üniversitelerin uluslararası alanlardaki reytinglerde derecesini yükseltecektir" dedi.

Akabinde söz alan Ahmet Yesevi Üniversitesi Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov üniversite tanıtım sunumu yaparak, "Üniversitemiz 17 ülke ve 33 Türk akraba topluluklarından gelen gençlere eğitim hizmeti veren Türk dünyasının gözde üniversitelerinden birisidir" dedi. Dünyadaki üniversiteler ile yarışabilmek için üniversiteler arasında ikili işbirliğinin önem arz ettiğini dile getiren Rektör Abdrasilov, bu anlamda Türk Üniversiteler Birliği'nin başarısına dikkat çekti. Rektör

Abdrazilov, konuşmasının ardından Ahmet Yesevi Üniversitesi dönem başkanlığı kapsamındaki proje tekliflerini açıkladı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ise Türk Dünyasının uzun yıllar birbirinden uzak kaldığına atıfta bulunarak, "Türk dünyası ile ilişkilerimiz son 30 yılda yeniden canlanıyor. Elbette bu ilişkilerin en önemlisi kültür ve eğitim alanında yapılan ilişkilerdir. Bu ilişkilerin geliştirilmesini hedefleyen Türk Üniversiteler Birliği Üniversitemiz dönem başkanlığında daha da ivme kazanacaktır" dedi. Türk Üniversiteler Birliği'nin genişlemesi kapsamında, Türk Konseyi'ne resmi başvurusunda bulunan Gazi Üniversitesi, Niğde Ömer Halis Demir Üniversitesi, Kapadokya Üniversitesi, Szeged Üniversitesi (Macaristan) Türk Üniversiteler Birliğine yeni üye olarak kabul edildi.

Türk Konseyi Türk Üniversiteler Birliği 4. Genel Kurulu toplantısında dönem başkanı olarak Ahmet Yesevi Üniversitesinin proje teklifleri görüşüldü. Buna göre; İyi uygulama örneklerinin paylaşılacağı bir ortak portalın kurulması, Orhun ve Mevlana öğrenci değişiminde alan sınırlandırılmasının kaldırılması, ortak teknoloji parkin kurulması, ortak tarih kitabının yazılması, Türkoloji araştırma enstitüsü kurulması ve diğer konularda iş birliği için bir çalışma grubu oluşturulmasına karar verildi. Toplantıda ayrıca ortak diploma ve denklik konusu görüşülerek, Ege Üniversitesini bu sahadaki tecrübesini üye üniversitelerimize paylaşması öngörüldü. Eğitim kalitesinin artırılması, iyi uygulamalar ve başarılı projeler paylaşımı adına Ahmet Yesevi Üniversitesi bünyesinde ortak portal kurulması onaylandı. 2020 Türk Konseyi TÜRKÜNİB Spor Oyunları gelecek yıl mart ayında Ahmet Yesevi Üniversitesi ev sahipliğinde Türk Dünyasının geleneksel spor oyunlarının da dahil edilerek yapılması kararlaştırıldı.

Türkistan'da Türk Dünyası Kültür ve Sanat Festivali Coşkusu

Türk Konseyi Türk Üniversiteler Birliği'nin (TÜRKÜNİB) 4. Genel Kurulu Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde Türk Dünyası Kültür ve Sanat Festivali ile açılış yaptı.

23 Nisan 2019 Salı günü üçüncü kampüs açık alanında gerçekleştirilen etkinlik Türk Dünyasından temsilcilerin katılımıyla tören geçişi ve halkoyunları gösterileriyle başladı. TÜRKÜNİB Dönem Başkanı Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türk Konseyi ve Türkistan Eyalet Valiliği iş birliği ile organize edilen; Türk Konseyi Türk Üniversiteler Birliği 4. Genel Kurulu, Türk Dünyası Kültür ve Sanat Festivaline TÜRKÜNİB üye üniversiteleri Rektörleri ile 15 ülkeden 300'e yakın diplomat katıldı. Törende, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Türk Konseyi Genel Sekreter Yardımcısı Dr. Ömer Kocaman, Türkistan Eyalet Vali Yardımcısı Malik Otarbayev, Kazakistan Cumhuriyeti Çalışma ve Sosyal Kalkınma Bakanlığı, Gençlik ve Aile İşleri Komitesi Başkanı MadiyarHocaahmettin, Türk Konseyi İlk Genel Sekreteri Halil Akıncı ve İslam İşbirliği Gençlik Formu Başkanı Avukat Taha Ayhan birer konuşma yaptılar.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Türkistan'ın Türk Dünyası açısından öneme vurgu yaparak, "Türk Dünyasının Kültür başkenti Türkistan, Türk Dünyasına önemli hizmetleri bulunmuş Hoca Ahmet Yesevi'nin yaşayıp ebediyete göçtüğü yerdir" dedi. Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak Yesevi'nin geleneğini devam ettirdiklerini dile getiren Rektör Vekili Tomar, "Üniversitemiz tüm Türk akraba topluluklarından gelen öğrencilere eğitim imkanı sunmaktadır. Bu bakımdan bölgenin bilimsel ve kültürel gelişimine katkı sağlamaktayız" dedi. Tomar konuşmasında Türk Dünyası Kültür ve Sanat Festivali, 23 Nisan Ulusal Egemenlik Çocuk Bayramı ile birlikte kutlanmasının festivale daha da renk kattığını kaydetti.

Dr. Ömer Kocaman ise konuşmasında 2009 yılında Nahcivan anlaşmasıyla kurulan Türk Konseyi ekonomi alanında, spor alanında, gümrük ve lojistik alanlarındaki çalışmalarını başarı ile sürdürdüğünü belirtti. Türk Konseyi olarak gençlere yönelik faaliyetlerin artarak devam ettiğine dikkat çeken Kocaman, "Yaklaşık iki bine yakın genç yaz kamplarında bir araya araya getirdik. Türk dünyasının çeşitli bölgelerinde festivaller düzenledik, ayrıca bunu daha kapsamlı hale getirebilmek içinde gençlik forumunu kurduk ve ikincisini burada Türk Dünyası'nın kalbi Türkistan'da gerçekleştiriyoruz" dedi.

Vali Yardımcısı Malik Otarbayev, Türkistan'ın eyalet olması ile birlikte değişim ve gelişim sürecinin hızlandığını, Türkistan'ın kısa zamanda yeniden Türk Dünyasının Kültür başkenti haline geleceğini söyledi.

Festivale, Ahmet Yesevi Üniversitesinde öğrenim gören 33 Türk akraba ve toplulukları mensubu öğrenciler, Türk dünyasının halk oyunları gösterileri ile katılımcılara görsel şölen yaşattı. Gençler tarafından büyük ilgi gören Türk Dünyası Kültür ve Sanat Festivali, Kültür Merkezinde konser ve halkoyunları gösterileri ile devam etti.



Prof. Dr. Ahmet Oğuzhan Özen Ahmet Yesevi Üniversitesinde

Prof. Dr. Ahmet Oğuzhan Özen Türkistan Yerleşkesi'nde ders ve seminerler vererek Tıp bilimi alanında yürüttüğü çalışmalar hakkında bilgiler aktardı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı koordinasyonu ve TİKA destekli proje kapsamında Marmara Üniversitesi Tıp Fakültesi Çocuk Sağlığı ve Hastalıkları Ana Bilim Dalı öğretim üyesi Prof. Dr. Ahmet Oğuzhan Özen 15-27 Nisan tarihleri arasında Üniversitemiz Tıp Fakültesi'nde ders ve seminerler vererek çalıştığı alanda bilgiler verdi ve bilimsel çalışmaların geliştirilmesine yönelik paylaşımlarda bulundu.

Üniversitemizdeki iki haftalık programı çerçevesinde Tıp Fakültesi öğrencileri ve öğretim üyeleri ile Pediatri ve Pediatrik Alerji İmmünoloji alanlarında ders ve seminerler verdi. Dr. Özen ayrıca 26 Nisan Cuma günü Tıp Fakültesi öğretim üyelerine yönelik 'Bilimsel Araştırmaların Planlanması' konulu vermiş olduğu seminerde kendisinin öncülük ettiği bilimsel çalışmalar konusunda deneyimlerini paylaşarak uluslararası çalışmaların nasıl tesis edildiği konusunda bilgiler aktardı.

"CHAPLE sendromunun keşfi ile tanınan Dr. Özen, primerimmün yetmezlikler alanında araştırmalar yürütmekte ve nedeni bilinmeyen hastalıkların aydınlatılmasına yönelik önemli katkılarda bulunmaktadır. "İmmün sistem hastalıklarının kökenlerinin ayrıntılı şekilde ortaya konulması bu hastalıkların doğru tanınmasını belirten Özen, şu anda Türkiye ve Ortadoğu coğrafyasında daha sık görülen CHAPLE sendromlu hastaları geliştirdikleri tedavi yöntemi sayesinde başarılı bir şekilde tedavi edebildiklerini kaydetti. Yürütmekte olduğu bilimsel çalışmalarla bağışıklık bozukluklarının tanı ve tedavisine yönelik yenilikçi yaklaşımlar geliştiren Dr. Özen, bu süreçleri buradaki meslektaşlarına birinci ağızdan anlatma fırsatı buldu.

Üniversitemizdeki akademik programını tamamlayan misafir öğretim üyesi Prof. Dr. Ahmet Oğuzhan Özen'e Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar düzenledikleri yemekli toplantıda teşekkür belgesi takdim ettiler.



ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Билги Текноложилеринин Текноложи Үөтөмине Еврими Конферанси



Ahmet Yesevi
Üniversitesi
Mütevelli Heyet
Üyesi, Marmara
Üniversitesi
Öğretim Üyesi
Prof. Dr.
Muhittin Şimşek
Üniversitemizin
Türkistan
Yerleşkesi Kültür
Merkezinde "Bilgi
Teknolojilerinin
Teknoloji
Yöntemine
Evrimi" konulu
bir konferans
verdi.

Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek konferansta bilimsel gelişmeler, küreselleşme, yenilikçilik (inovasyon) ve yeni üretim yöntemleri ve kavramları üzerinde durdu. Ar-Ge ve laboratuvar teknolojisindeki akıllı programların robot teknolojisi ve biyoloji bilimi ile entegrasyonu sonucunda yeni bilimsel yöntemlerin uygulanması ile yakın gelecekte beklentilerin çok hızlı değişime uğrayacağı vurguladı. Teknolojinin daha kullanışlı akıllı ve dijital hayata geçirilmesi ile ilgili bilimsel verileri değerlendirdi. Gelişen teknolojiyle insanlığın büyük bir bilgi kirliliğine maruz kaldığına değinen Şimşek, teknolojik obezite diye adlandırdığı bu bilgi kirliliğinin özellikle gençleri tehdit eden bir unsur olduğuna dikkat çekti.

Prof. Dr. Muhittin Şimşek konferansta ayrıca; 21. yüzyıl bilgi ve kültür toplumu süreci hakkındaki gelişmelere, teknolojik bilimsel üretim ve tasarımların ekonomik ve insani etki gücüne, günümüzde var olan Ar-Ge faaliyetlerinin, her hangi ürüne yeni etkin özellikler katıp yeniden insanlığın hizmetine sunulmasına, bu aşamada önemli olan değişen yeni özelliklerin ticaret ve ekonomi ile bütünleştirilerek evrilmesi hakkında somut gelişmelere dayalı tespitlere yer verdi. Katılımcıların sorularını yanıtlayarak konferansını sona erdiren Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e çeşitli hediyeler takdim edildi.

Üniversitelerde Gelişim ve Değişim Konferansı

İstanbul Gedik Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Zafer Utlu, Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Üniversitelerde Gelişim ve Değişim" konulu bir konferans verdi. Etkinlik, 29 Nisan 2019 Pazartesi günü Türkistan Yerleşkesi merkez kütüphanenin konferans salonunda gerçekleştirildi.

Konferansta; X, Y ve Z kuşaklarının çağdaş dijital bilgi sistemleri ile kurumsal akademik yapının kalitesi, bilişime dayalı örgün ve yaygın öğretim modelleri, teknoloji, tasarım ve Ar-Ge merkezli yüksek öğrenimin sanayi ile işbirlikleri, planlı ve gerçekleştirilebilir sonuç odaklı çalışan kurumsal akademik yapı değerlendirildi.

Rektör Utlu sunumunda; yenilikçilik hedeflerinin



belirlenmesi, örgün yüksek öğretim hizmeti sunan üniversitelerin rekabetçi ve markalaşmaya dayalı yönetim yapısı, çağının üretim hedeflerine ve sektörlerine çözüm üreten programlarla akademik kalite hakkında bilimsel tespitlerini paylaştı. Ayrıca; üniversitelerin kendi bünyesinde iç denetim ve verimlilik kalite analiz birimlerinin sistem yeniliği yol haritasının tespitinde etkili olduğunu, mobil öğrenme, işbirlikçi entegre yapılar, bulut sistemleri gibi öğrenen ve öğreten dijital sistemlerin akademik faaliyetlerle ortak çalışması hakkında ayrıntılı bilgi verdi.

Konferansta kurumsal organizasyon yapısının ve birimlerin birbirinin süreçlerini tamamlayan ve aynı zamanda kalitesini analiz ederek raporlayan bilişim teknolojileri yeniliğine açık bir akademik yapıda bulunması gereken nitelikler belirtildi. Dış ve iç paydaşlar ile hem sosyal hem de teknolojik alanda Ar-Ge faaliyetleri ile yenilikçiliğin (inovasyonun) sistem olarak birleşmesi gerektiği de ayrıca vurgulandı. Sürekli bir ilerleme ile sonuçlanacak sistemlerin mutlaka özel sektörün arz ve taleplerine uygulanabilir ve üretilebilir projelerle cevap verebilecek servis hizmetlerinin olması gerektiği, kişisel üretim ve fikri mülkiyet için patent talebinin uluslararası ve ulusal boyutta çok önemli olduğu belirtildi.

Rektör Utlu, teknolojik gelişmelerin mutlaka bilişim hizmetlerine ve interaktif sistemlere açık tutulmasını ve bu sayede temel hedef olan çağdaş eğitim modellerine geçişin kolaylaşabileceğini, üniversite ve paydaşlarındaki markalaşma, rekabet ve pazarlama gelişmelerini başarmasının sürekli yenilikçilik stratejileri ile mümkün olduğunu belirtti. Toplantı soru ve cevapların ardından sona erdi.

"Yeni Dünya Düzeni Tartışmaları Çerçevesinde Küresel Toplum ve Düşmanları" Konferansı

Orta Doğu Teknik Üniversitesi Uluslararası İlişkiler Anabilim Dalı Öğretim Üyesi Prof. Dr. Hüseyin Bağcı Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Yeni Dünya Düzeni Tartışmaları Çerçevesinde Küresel Toplum ve Düşmanları" konulu konferans verdi. Bir takım araştırmalar ve çalışmalar yapmak üzere üniversitemize gelen ODTÜ öğretim üyesi Prof. Dr. Hüseyin Bağcı 17-19 Nisan tarihleri arasında Sosyal Bilimler Fakültesi Uluslararası İlişkiler Bölümü'nde ders ve konferanslar gerçekleştirdi.

Prof. Dr. Bağcı, konferansta yeni Dünya düzeni tartışmaları son yıllarda en önemli uluslararası ilişkiler konusu olduğuna dikkat çekerek, "Küresel gelişmeler bir yandan dünyamızı küçültür ve iletişimi arttırırken, yeni sorunları da beraberinde getirmektedir. Nitekim mülteciler, iç savaşlar, sınır sorunları ve radikal siyasal hareketler artmaktadır" dedi.

Küreselleşme bir olgu olarak tüm dünyayı etkilediğinin altını çizen Prof. Dr. Bağcı "Devletlerin en büyük sorunu sadece doğal kaynakları korumak, güvenliği sağlamanın yanında, toplumun gittikçe artan daha iyi eğitim, sağlık ve yaşam beklentisi olmuştur. 21. yüzyıl yeni sorunların ve meydan okumaların yüzyılı olacaktır. Bugünkü hakim Dünya düzeni gün geçtikçe sorunları çözmekten uzak bir yapı sunmaktadır. Onedeküreselleşmenin geldiği nokta 1945 yılında kurulan Dünya düzeninin değişmesi gerektiğini ortaya koymaktadır. Fakat bu değişim nasıl olacaktır sorusuna halen bir cevap yoktur. Önümüzdeki yıllar bu soruya bir cevap bulacaktır. Kolay olmayan bir süreç önümüzde bizi beklemektedir" şeklinde konuştu.

Konuşmasının akabinde katılımcıların sorularını yanıtlayan Prof. Dr. Hüseyin Bağcı'ya Uluslararası İlişkiler Bölüm Başkanı Dr. Aydarbek Amirbek teşekkür belgesi takdim etti.



Laparoskopi Semineri Yapıldı



Ahmet Yesevi Üniversitesi bünyesinde 11-15 Nisan 2019 tarihleri arasında laparoskopik seminerine katılan kursiyerlere sertifikaları verildi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı koordinasyonunda ve TİKA destekli "Birlikte Daha Fazla Yapabiliriz" projesi kapsamında üniversitemizde 8-20 Nisan tarihleri arasında akademik çalışmalar yapmak üzere gelen Genel Cerrahi Uzmanı Prof. Dr. Yavuz Kurt ve Kadın Doğum jinekoloji uzmanı Sağlık Bilimleri Üniversitesi öğretim üyesi Doç. Dr. İsmet Gün tarafından üniversitemizin tıp fakültesi hocalarına ve öğrencilere yönelik Laparoskopi semineri verildi.

Cerrahide son yıllarda laparoskopik (kapalı) yöntemle ameliyatlara popüler olmuştur. Bu ameliyatlarda Türkiye'de ve dünyada yaygın olarak yapılmaktadır. Özellikle safra kesesi, anti reflü, jinekolojik ameliyatlarda, dalak, böbrek üstü bezi gibi ameliyatlarda kullanılan bu yöntemle daha az ağrı ve daha çabuk iyileşme avantajları sunmaktadır. Alanlarında uzman olan misafir öğretim üyelerimiz üniversitemiz tıp fakültesi hoca ve öğrencilerine laparoskopik ameliyatlara yöntemi göstermek amacı ile kurs düzenledi. Bu kapsamda kursiyerlere laparoskopinin

temel ilkeleri ile ilgili teorik dersler verildi, simülasyon ve çalışma laboratuvarında pratik yapıldı. Ayrıca misafir öğretim üyeleri bu alanlarda çeşitli ameliyatlara da gerçekleştirdiler.

Laparoskopi semineri kursiyerlerine katılım sertifikası 16 Nisan 2019 tarihinde düzenlenen törenle verildi.

Törende konuşan Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat Pilten Üniversitemiz, tüm alanlarda olduğu gibi Tıp alanında da Türkistan'a ve bölgeye hizmet etmeye, uzman yetiştirmeye devam ettiğine vurgu yaparak, "Geçtiğimiz ay Tıp Fakültemiz, farklı uluslararası organizasyonlar vasıtasıyla bu görevini layıkıyla yerine getirmiştir. Bu durum hepimizi mutlu etmiş ve gururlandırmıştır. Türkistan halkı her alanda olduğu gibi sağlıkta da her şeyin en iyisine layıktır. İnşallah Kazakistan ve Türkiye Cumhuriyetlerinin ortak üniversitesi olarak bizler Türkistan'ımızın güzel insanlarına hizmet etmeye devam edeceğiz. Bugün de Türkiye'den gelen uzman hocalarımızın, buradaki kardeşlerine laparoskopik yöntemi öğretmek amacıyla düzenlemiş oldukları kursa katılım belgelerini dağıtımını için bir araya gelmiş bulunmaktayız. Tüm emeği geçenleri kutluyorum. Kursumuzun hayırlara vesile olmasını diliyorum" dedi.

"Hakas Türkçesinin Günümüzdeki Durumu" Telekonferansı

N. F. Katanov Hakas Devlet Üniversitesi Öğretim Üyesi Dr. Mariya Çertikova Ahmet Yesevi Üniversitesinde konferans verdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü bünyesinde tertip edilen etkinlik 26 Nisan Cuma günü Dr. Öğretim Üyesi Nurlan Mansurov'un moderatörlüğünde gerçekleşti. Türkistan-Hakasya arasında yapılan canlı bağlantıya Kırgızistan'ın Celalabad şehrindeki Prof. Dr. Turan Yazgan Türk Dünyası Sosyal Bilimler Enstitüsü de dinleyici olarak katıldı. Daha önce Türkiye, Kazakistan, Özbekistan, Azerbaycan ve Yakutistan gibi Türk dünyasının çeşitli bölgelerinden ünlü Türkologların katıldığı telekonferanslar ile Türkoloji Enstitüsü Türk Dünyası Türkologlarının buluşma noktası haline

geliyor. Tehlikedeki Türk dilleri gibi güncel konuların ele alındığı konferansların bu haftaki konuğu N. F. Katanov Hakas Devlet Üniversitesi Sosyal Bilimler Araştırmaları ve Sayan-Altay Türkoloji Enstitüsünden bağlanan Türkolog Dr. Mariya Çertikova, "Hakas Türkçesi'nin Günümüzdeki Durumunu" anlattı.

Çertikova, konferansta Hakas Türkçesi hakkında genel bilgiler vererek, Hakasça veya Hakas Türkçesi çağdaş Türk yazı dillerinden Sibiryaya kesiminde konuşulup yazılan kollarından biri olduğunu söyledi. Hakasça'nın tarihi geçmişine ve günümüzde kullanım alanlarına değindi.

Konuşması büyük ilgiyle dinlenen Çertikova, katılımcılar tarafından yöneltilen soruları cevaplandırarak konferansını tamamladı.

